

# І ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

июнь Сейсенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

Қоғамдық малдарды азықтандыру, күту, бағу жұмыстарын жақсарту олардың санын көбейтуге, өнімін арттыруға, халық үшін азық-түлік молшылығын, өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасауға мүмкіншілік туғызады. Мал шаруашылығы қызметкерлерінің жұмысы осы талаптарға сай болуы керек.

## АҒЫ дайық

Озат зоотехникалық  
ым негізінде күту,  
ндай ғана түліктің  
мді болуына жетісу-  
лса, мал шаруашы-  
ы, әресе, бұл күндері  
семірту, бағу ісіне  
улары керек.

жерлерде мал шар-  
ділігін аттыру мін-  
рға сай жүзеге асы-  
аға Октябрь ауданын-  
ғы ауылшаруашылық  
алған колхоздың мал  
жылдары қоғамдық  
қтандыру ісін тың-  
іру арқылы мал шар-  
ділігін арттыру жо-  
екті табыстарға не  
всаянникова, Лисички-  
ы таңдаулы сауын-  
рдан сауылатын сүт  
ормадағыдан едеуі  
тас алғанда колхоз  
жоспары үш есе ар-  
. Бірақ, былығы  
н өзінде жағдай мүл-

## Қоғамдық малға жылы қора, мол жемшөп әзірлейік

★  
Міндетпеме  
жүзеге асырылуда

Оңтүстік қазақстандықтардың үндеуіне сәйкес Совет ауданының алдыңғы қатарлы колхоздары мал азығының мол және тұрақты қорын жасау жолындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасып, өздерінің алған міндеттемелерін нақтылы іспен тыянақтауда.

Быйыл «Борьба за коммунизм» ауылшаруашылық артелінің колхозшылары өздерінің күш-мүмкіншіліктерін есептей отырып, 3750 гектар жердің шөбін шабуға, 400 тонна шөп сүрлеуге, дайындалған жемшөптің 75 процентін егін оралғына дейін мал қоралары жанына тасып алуға ұйғарып отыр.

Колхоз басқармасы және бастауыш партия ұйымы колхозшылардың инициативасын қызу қуаттай отырып, шөп шабу жұмысын бірінші күннен-ақ ойдағыдай ұйымдастыра білді. Бір өздемен жүретін, екі тракторға, тіркелетін кен алымды шөп машинасы 10 ашпөл машинасы және 17 ат тырнаушы жұмысқа қосылды. Бұлармен колхоз алғашқы төрт

★  
Мал қораларын әзірлеуге нөңіл  
бөлмей отыр

Полудень ауданындағы Чапаев атындағы колхоздың (председателі Шель жолдас) мүшелері алдағы қыстың қамын осы бастан ойлап, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарын ерте қолға алды. Құрылысқа аса қажетті ағаш, тақтай, қаңылтыр және шеге сыяқты материалдар жеткілікті әзірленді. Осының нәтижесінде тұрақты құрылыс бригадасы жұмысты күн сайын өнімді істеп келеді. Кәзір бригада мүшелері бұзау қорасын салып жатыр. Мұнан кейін үлкен қой қорасы құрылысы басталады және бұрынғы қоралар түгел жөндеуден өтеді.

Осы сыяқты, мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары «Красный Октябрь» және Ворошилов атындағы колхоздарда да ойдағыдай жүргізіліп жатыр.

Алайда, ауданның көптеген колхоздарында мал қораларын салу, жөндеу жұмыстарына жеткілікті нөңіл бөлінбей келеді. Бірқатар колхоздардың басшылары мал қораларын салу және ескі қораларды

Кейбір колхоздар тіпті құрылыс жұмысына қажетті материалдарды дайындауға да кіріскен жоқ. Мәселен, Тельман атындағы колхозда (председателі Эберли) мал қораларын салуға босатылған қаржы дұрыс пайдаланылмай келеді. Мұнда құрылыс материалдары жеткіліксіз, мал қораларын салу қолға да алынбаған. Бөлінген қаржыға құрылыс материалдарын қажетті мөлшерде тез дайындап алуды колхоз басшылары тіпті ойлайтын да емес. Мал қораларын салу, жөндеу «Прогрессе», Сталин атындағы және «Шуть к коммунизму» колхоздарында да өте баяу. Аталған колхоздарда құрылыс материалдары толық әзірленбеген. Сол сыяқты, мал қораларын салуға колхозшылар да жеткіліксіз бөлінбеген.

Мал қораларын салу және қолда бар қораларды жөндеу жұмыстарына аудандық ауылшаруашылық бөлімінің (менгерушісі Богданчиков жолдас) басшылығы да мүддем қанағаттанғысыз.

## Халықтық демократия елдерінде

### Венгрияны электрлендіру

БУДАПЕШТ, 14 июнь. (СОТА). Венгрия Халық Республикасында бесжылдықтың аяғында (1950—1954 жылдар) электр қуатын өндіру соғысқа дейінгі дәрежеден бес есе артады. Елдің барлық селолары электрлендіріледі. Бесжылдықтың екі жылы ішінде 284 селоны, 145 мемлекеттік шаруашылықты, 121 жер шаруашылығы өндірісі және 63 машина-трактор станцияларын электрлендіру жүзеге асырылды.

Кәзіргі уақытта жаңа энергетикалық құрылыстар қызу қарқынмен жүргізіліп жатыр. Тисса өзенінде Тисэлек су электр станциясы салынууда, ол күн сайын 55 миллион киловатт-сағаттан артық электр қуатын беретін болады. Инотга жетінші ноябрь атындағы қуатты электр станциясы салынууда. Оның агрегаттарының жекелеген бөлімдері кәзірдің өзінде ток беруде.

### БОЛГАРИЯ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА СОВЕТ СТАХАНОВШЫЛАРЫНЫҢ ӘДІСТЕРІН ҚОЛДАНУ

СОФИЯ, 11 июнь. (СОТА). Болгарияда

рі озаттардың үлесіне сан жандардың өнімділігін арттыруда көрнекті табыстарға да ие болды.

Солай бола тұрса да, көптеген шаруашылықтар күні бүгінге дейін мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жөніндегі өздерінің міндеттемелеріне сай жұмыс істемей келеді. Кәзіргі уақыт, әсіресе, сүт дайындаудың, өнеркәсіп үшін ең бағалы шикізат болып табылатын — жүн тапсырудың ең шешуші кезеңі. Сондықтан да колхоздар мен совхоздардың басшылары, жергілікті партия, совет ұйымдары әрбір сауын сығайырдан сүттің мол алынуын, бірде-бір грамм жүннің ысрап болмауын, ет есебіне тек қоңы жақсы малдар тапсырылуын қамтамасыз етулері керек.

Приешім ауданында көп кездесті.

Бұдан былайғы жерде колхоздар мен совхоздардың басшылары, жергілікті партия, совет ұйымдары мал шаруашылығының өнімділігін арттыру ісіне ерекше назар аударып, мемлекетке жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдерінің тапсырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық малдарды азықтандыру, күту, бағу жұмыстарын жақсарту олардың санын көбейтуге, өнімін арттыруға, халық үшін азық-түлік молшылығын, өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасауға мүмкіншілік туғызады. Мал шаруашылығы қызметкерлерінің жұмысы, міне, осы талаптарға сай болуы керек.

жүріп жатыр.

Ә. ЖҮКЕНОВ.

дәстәр қажырлы еңбектің үлгісін көрсет-



# Советтік Қаз

## МАЛ АЙДАЙТЫН ЖОЛДАРДАҒЫ ҚҰДЫҚ ҚАЗҒЫШТАР

Сарытауқұмда Алматы облысының малшылары Топар отарындағы жайылымға малды айдайтын жаңа жол салынды. «ВИСХОМНЫН» конструкциясы бойынша жасалған құдық қазғыш «ҚШҚ—25» мал айдайтын осы жолда бесінші құдықты қазу жұмысын аяқтады. Жайылым-мелиорация тресінің Алматы облыстық құрылыс-монтаж конторы айдың аяғына дейін осы жолда тағыда бес құдық қазады. Бұдан кейін құдық қазғыш басқа жердегі мал айдайтын жолға көшіріледі.

Жаңа машина құдық қазушы адамдардың ауыр және өнімсіз еңбегін жеңілдетеді. Әдетте, үш құдықшы тереңдігі 20 метр құдық қазуға кемінде 20—25 күн кетеді. Соның өзінде жер астындағы лай суды колмен сыртқа шығарып отыру керек.

Жаңа құдық қазғыш құмды жерде мұндай құдықты бір тәулікте қазып кетеді. Соның өзінде машина құдықтың ішіндегі лай суды өзі тасып шығарып, құдықтың қабырғасын темір-бетон қурсаулармен бекітеді. Әрбір құдықтың қасында күнне бір мыңға дейін қой суаруды қамтамасыз ететін ұзындығы 20 метрлік бетон науасы болады.

Кәзір республикада құдық қазғыш сегіз «ҚШҚ—25» машинасы жұмыс істейді. Гурьев, Байқадам, Тасмұрын және басқа машина-малшаруашылық станциялары, Жамбыл облысының Ленин атындағы совхозы да жаңа машинаны меңгеруде.

(ҚазТАГ).



Қызылорданың педагогикалық институтының үйі. Суретті түсірген И. Будневич.

## Қытай шаруаларының делегациясы Жамбылға келді

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Қазақстанда қонақ болып жүрген қытай шаруаларының делегациясы Жамбылға келді. Вокзалда делегацияны облыстың партия, совет ұйымдарының басшылары, өнеркәсіп орындарының стахановшылары, қызылша және мақта шаруашылығының озаттары қарсы алды.

Еңбекшілер депутаттарының облыстық Советі атқару комитетінің председателі Аталықов жолдас қонақтардың құрметіне қабылдау мәжлісін өткізді. Осы мәжлісте облыстық ауыл шаруашылық басқармасының бастығы Красавин жолдас Жамбыл колхоздары мен совхоздарында егіншілік пен мал шаруашылығының дамуы тура-

лы, селолар мен ауылдардағы Социалистік Еңбек Ері деген құрметті атақ алған таңдаулы адамдар туралы айтты.

Делегацияның мүшелері Жамбыл қант комбинатының жұмысшы поселкесінде, паркте, стадионда, клубта және қаланың басқа да мәдени-ағарту мекемелерінде болды.

Бүгін қытай шаруалары Свердлов ауданындағы «Трудовой пахарь» колхозына жүріп кетті. Онда қызылшаның плантациясын, дәнді дақылдар егісін, жеміс бағын, товарлы-сүт фермасын аралап көреді.

Қонақтар облыста екі апта болады.

## ТУЫСҚАН РЕСПУБЛИКАЛАРДЫҢ МЕТАЛЛУРГТЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕГІ ҰНТЫМАҒЫ

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Қазақ және Өзбек металлургия заводтары коллективтерінің еңбектегі ұнтымағы нығайып келеді. Туысқан республикалардың прокатшылары мен мартеншілері жұмыстың, еңбекті жақсы ұйымдастырудың озат әдістерін, жетілген технологияны бір-бірінен үйреніп, өзара пікір ауысып отырады. Беговат

қаласындағы Өзбек металлургия заводында болған қазақстандықтардың делегациясы Теміртауға қайтып келді.

Қазақстанның болат қорытушылары Беговатта үлгі көрсету ретінде бірнеше рет болат қорытты, өзбек мартеншілеріне кенді пешке қалай салып, металды қалай жақсы қорыту керек екенін айтып берді.

## Ертіс маңындағы селолар мен ауыл

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Ақсуат ауданының мүмкіндік Молотов атындағы, «Ленин жолы» колхоздарында радио тораптарының құрылысының аккумуляторының жұмысы басталды. Радио торабының аппаратура сына жел двигателінен алынатын электр Быйыл селоларда құаты пайдаланылады. Мұның өзі колхоздардың электр станциялары пайдаланатын жұмыс іст сұйық отынды, тас көмірді көп үнемдеуге салынады.

## есеп ІН

ық Советте-  
йтпай кету-  
рдің өзі се-  
ік есеп-са-  
себінен то-  
бермейді.  
ң қаулысы-  
юннен 1  
е пайдала-  
лу ісі жүргі-  
паруашылық  
азылады.

олық Совет-  
дейінгі се-  
және анық  
сеп жұмы-  
грлер Советі  
інің 1951  
ын орындау  
Сондықтан  
селолық Со-  
кретарьлары  
ң есебін алу  
мен селолық  
ықты дұрыс  
өте ұқын

ашылық есе-  
екеттік зор  
андық Совет  
т председа-  
н селолық  
е келтіруді  
керек.  
**КОВАЛЕВ,**  
ы

ізілуге тиіс.



Петропавлдағы жас табиғатшылар станциясында бау-бақша жемістерін өсіру ісіне мектеп оқушылары белсене қатысады. Балалар кезектесіп егілген жемістерге су құяды, баптайды.

**СУРЕТТЕ:** жас табиғатшылар Виктор Босенко мен Лариса Фирсованың өсімдіктерге су құйып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Колхоз балалар яслиі

«Ленинский путь» колхозының (Конюхов ауданы) басқармасы әйелдерді қоғамдық еңбекке түгел қатыстыру мақсатында маусымдық балалар яслиін ұйымдастырды. Ясли үйі ойдағыдай жабдықталып, үй іргесіне көркейткіш ағаштар егілген. Балалар жақсы тамақпен ойдағыдай қамтамасыз етілген. Кәзір жас баласы бар колхозшы әйелдер балаларын яслидегі тәрбиешілерге қалдырып, колхоз даласында алансыз еңбек етуде.

Колос тұқым шаруашылығында да

# Халықаралық шолу

## ФРАНЦУЗ РЕАКЦИЯСЫНЫҢ КАСТАНДЫҚ ЭРЕКЕТІ

Француздың демократияшыл баспасөзі атап көрсеткеніндей, Франциядағы полициялық террордың жана толқыны өзінің барлық зыянкестігін халықтың демократиялық праволарына шабуыл жасауға жұмсап отырған француз реакциясы кастандық әрекетінің салдары болып табылатындығы бүкіл дүние жүзіне әйгілі. Коммунист партиясы Орталық Комитетінің секретары Жак Дюклоны және «Юманите» газетінің бас редакторы Андрэ Стильдті, Жалпы еңбек конфедерациясына кіретін кәсіподақ басшыларын тұтқындау, Франция демократиялық ұйымдар үйлеріне шабуылдар жасау, Париждегі, Марсельдегі, Дуэдегі және басқа қалалардағы бейбіт халық демонстрацияларына қатысушыларды қанқаксау — мұның бәрі француз реакциясының жантүршігерлік террор жүргізуге кіріскенін көрсетеді.

Францияның кәзіргі билеп-төстеушілерінің полициялық жазалау шараларын қолдануы елдің билеп-төстеуші топтарының американдық саясатқа қарсы көтерілген Франция халық бұқарасының ұлғайған наразылығын қандай жолмен болса да басуға тырысатынын дәлелдейді.

—Корей халқының жендеті —Эйзенхауэрдің орнына жіберілген генерал Риджуэйдің Парижға келуіне байланысты бұл наразылық ерекше күшейді. Бейбітшілікті жақтаушылар еңбекшілерді «чумагенералдың» Францияға келуіне қарсы манифестациялар жасауға шақырғанда, жүздеген мың француз патриоттары Париждың және басқа француз қалаларының көшелеріне топталып шықты.

Францияны Уолл-стриттің отарына айналдыру әрекетіне қарсы шыққан халықтың ашулы наразылығына Францияның билеп-төстеушілері қатал полициялық жазалау шараларын қолданып жауап берді. Жак Дюклоны және прогресшіл кәсіподақ

мы жағдайына қарсы қаскүнемдігін бұркеуге тырысады». Жалпы еңбек конфедерациясының ұлттық комитеті жұмысшы табының бірлігін күшейтуге шақырды, реакцияға қарсы, оның жұмысшы табының праволары мен тұрмыс мүдделеріне шабуыл жасауына қарсы батыл күрес жүргізуге шақырды.

Бұл шақыруға жауап ретінде Францияда зор ереуілдер басталды. Реформашыл кәсіподақтардың ымырашыл басшыларының іріткі салу әрекетіне қарамастан, Париждағы ереуіл ерекше көң өріс алды. Марсельде, Лионда, Руанда және басқа ондаған қалаларда жаппай ереуілдер өткізілді. Ереуілшілер Рено заводының қабырғасына «Жак Дюклоны босатындар!» деген талап және «Фашизмді өткізбейк!» деген ұран жазды.

Француз халқының қарсылығын басуға тырысқан билеп-төстеуші топтардың барлық әрекеттері іске аспауда. Бүкіл дүние жүзінің демократияшыл жұртшылығы Франция еңбекшілерінің күресін тілектестікпен қолдауда.

## АҚШ ИМПЕРИАЛИСТЕРІ СОЛТҮСТІК АФРИКАНЫ СОҒЫС ПЛАЦДАРМЫНА АЙНАЛДЫРҒА

Жаңа стратегиялық плацдармдар дайындай отырып, АҚШ империалистері Солтүстік Африкаға көп көңіл бөлуде. Өткен жылғы ноябрьде Мароккоға АҚШ-тан 19 конгресс мүшесі келді. Өкілдер палатасының қарулы күштер істері комиссиясындағы бұл конгресшілер Наусер мен Сиди-Сеймандағы соғыс авиация базаларын аралап көрді. «Нью-Йорк таймс» газетінің Париждағы тілшісі Мароккода американдардың 6 үлкен соғыс базасы бар екенін, бұл базаларда 20 мың американдар тұратынын хабарлады.

Мұнан кейін көп ұзамай Рабатқа (Марокко) АҚШ-тың стратегиялық соғыс-әуе күштерінің бас командашысы генерал Кэр

## Корейдағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС

КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 июнь. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі Бүгін Корей Халық армиясы құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен тығыз бірлесе қыймыл жасай отырып, американдық ағылшын интервенттері мен ливинманшыл әскерлерге қарсы жекелеген майдандарда сұрапыл қорғаныс ұрыстар жүргізгендігін және оларды адам күшімен техника жағынан үлкен шығындарға ұшыратқандығын хабарлады.

Бүгін халық армиясының зенит бөлімдері және жау самолеттерін аңдып атушылар отрядтары Корей Халық-Демократиялық Республикасының тылдағы елді пункттерін бомбалап, пулеметтен оқ жаудыруға қатысқан дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

## Бонн сепараттық соғыс договорына қарсы

КОММУНИСТ-ДЕПУТАТ ФИШТИҢ  
БОНН ПАРЛАМЕНТІНДЕ СӨЙЛЕГЕН  
СӨЗІ

БЕРЛИН, (СОТА). АДН агенттігі Бонннан мынадай хабар берді.

Германияның социал-демократиялық партиясының федерациялық парламенттегі фракциясының өкілі мен Аденауэр бірігіп, Бонн парламентінде Батыс Берлинді американдардың соғыс әзірлігінің алдығы тіректі пунктіне айналдыруды талап етті.

Парламентте сөз сөйлеген Германия коммунист партиясының депутаты Фиш Бонн жайында былай деді:

«Американ «ұсыныстарына» сәйкес жүргізіліп отырған үкмет саясатын халықтың қарғайтынын федерациялық үкмет жақсы біледі. 26 және 27 майда соғыс договорларына қол қойылуын халықтың ерекше бір ауыздылықпен айыптайтынын үкмет

ескінің қалдықтарының орын алуы және ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзғандық жөнінде қосымша фактілер ашылды. Аудандық партия комитетінің бюросы бастауыш партия ұйымын және оның секретары Мұқашев жолдасты колхозшылар арасында саяси-тәрбие жұмысын күшейтуге, ескінің қалдықтарына қарсы шешуші күрес жүргізуге міндеттеді.

ков жолдастың «Жаңа тұрмыс» колхозы партия ұйымының жұмысына және ауылшаруашылық артелінің Уставын бұзушылыққа немқұрайды қарап келгендігіне назар аударылды.

Облыстық партия комитетінің бюросы жуырда бұл қаулыны талқылап, Қонохов аудандық партия комитеті бюросының

салдары еді. Облыстық комитеттің бюросы мұны атап көрсетіп, аудандық комитеттен саяси-тәрбие жұмысын мейлінше жақсарту жөнінде нақтылы шаралар қолдануды талап етті, кезекті пленумда ауданда идеологиялық жұмыстарының жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе қарауды ұсынды.

## Сырттан оқушылардың жазғы сессиясы

20 июньден бастап оқытушылар институтында сырттан оқу бөліміне түсушілерден қабылдау емтиханы, ал, 1 июльден сырттан оқушы студенттердің жазғы оқу-емтихан сессиясы басталады. Бұл сессияға 600-ден астам сырттан оқушы оқытушылар келуге, сонымен бірге, институт жаңадан 200 сырттан оқушы қабылдауға тиіс.

Сессияға келген студенттер шөлу лекцияларын тыңдайды, лабораторияларда, кабинеттерде жұмыс істейді, сын және емтихан тапсырып, сессия аралығындағы маусымда жұмыс істеу үшін нақтылы тапсырмалар алады. Алдағы сессияның ойдағыдай өтуі үшін институттың деркөзінде және барлық жағынан жақсы лайықдалуы, сол сияқты, бұл іске партия, совет ұйымдары мен халық-ағарту бөлімдерінің тарапынан тиісті қамқорлық көрсетілуі керек болады. Ең алдымен, әрбір сырттан оқушының сессияға деркөзінде келуін қамтамасыз ету қажет. Дегенмен, өткен жылдардың тәжірибесі кейбір халық-ағарту бөлімдерінің, мектеп басшылары мен сырттан оқушылардың өздерінің бұл мәселеге өте жауапсыз қарайтындығын көрсетеді. Мәселен, Октябрь ауданынан өткен жылы сессияға сырттан оқушылардың 10 проценті, Приешім ауданынан 15 проценті, Совет ауданынан 20 проценті, Преснов ауданынан 21 проценті ғана қатысты. Ал, бұл аудандардан институт-

тың сырттан оқу бөлімінде 150 адам оқыйды.

Көптеген сырттан оқушылар сессияға кешігіп келеді. Сондықтан да олар тиісті оқу жоспарын орындауға үлгере алмай, екінші жыл оқуға қалып қояды. Сырттан оқушыға сессияға баруға рұқсат берумен ғана іс бітпейді. Сессияда оның оқуының жемісті болуына барлық жағдай турғызылуы керек.

Міне, осындай қамқорлық көрсетілгенде ғана сырттан оқушының жақсы табысқа жететіндігі сөзсіз. Ал, Соколов, Октябрь, Приешім аудандық оқу бөлімдері тарапынан сырттан оқушыларға мұндай қамқорлық жасалмай келгендігін айта кету қажет.

Сырттан оқушылардың деркөзінде және толық келуін қамтамасыз ету үшін институт облысымыздың аудандарына, сол сияқты, Бөкшетау және Ақмола облыстарына өзінің өкілдерін жібереді. Сонымен бірге, институт сессияны өткізуге жергілікті жердің өзінде бірқатар әзірлік жұмыстарын жүргізеді. Сырттан оқушы студенттер үшін пәтер үй және жатақхана, асхана, буфет, кітапхана, оқу залдары, лаборатория, оқу кабинеттері, оқу құралдары және оқытушылар құрамы дайындалды.

Институттың оқытушылар құрамы алдағы сессияға ойдағыдай әзірленуде. Оқу және лабораториялық тәжірибе сабақтары-

ның сынақ және емтихан расписаниясы жасалды. Сырттан оқуды бітіріп шығатын студенттерге мемлекеттік емтиханның расписаниясы жіберілді.

Сессияға деркөзінде келу жөнінде сырттан оқушы оқытушылардың өздеріне де зор жауапкершілік жүктелетіндігін атап айту керек. Бізде сырттан оқу бөлімінде оқушылардың тізіміне ғана тіркеліп, «сырттан оқыйды» деген атаққа ие болып жүргендер де жоқ емес. Ондайлар қатарына Ленин ауданынан Павлова, Соколов ауданынан Подолкина, Преснов ауданынан Захарова, Қонохов аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі М. Брек, Мамлют аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі П. Гусаков жолдастарды қосуға болады. Аталған «сырттан оқушылардың» оқуды бұдан әрі былай оқуға болмайтынын түсінетін уақыты жетті.

Кейбір студенттер өткен жылдарысын жұмысын тапсыруды ұзаққа соzdы. Үстіміздегі жылы мұндай кемшілікке жол берілмейтін болады. Демек, сын жұмысын тапсыру жоспарын орындамаған студент сессияға қатыстырылмайды.

Алдағы оқу-емтихан сессиясын сырттан оқушы студенттерді толық қатыстыра отырып, идеялық-теориялық жоғары дәрежеде өткізуге барлық мүмкіншілікті жұмылдырамыз.

П. ПРИСИЧ,

Петропавлдың оқытушылар институтының директоры.

дыкпен мақұлдауда, «Тыңқор» газеті Францияда полициялық террордың онан әрі де жүргізіле беретінін жазды.

АҚШ-тың ірі капиталы газетінің мұндай мәлімдемесі американ империалистерінің Францияда Құрама Штаттардағыдай зорлық-зомбылық, бейбітшілікті жақтаушыларды және прогресшіл кәсіподақтар қайраткерлерін қудалау тәртібін орнатқысы келетінін дәлелдейді.

Францияның жұмысшы табы және барлық патриоттары реакцияның шабуылына қарсы наразылық ереуілдерін жасауда, елді милитарландыруға және оны Вашингтонның агрессиялық жоспарларына бағындыруға қарсы күресті ақырына дейін жүргізе беруге өздерінің берік бел байлағандығын білдіруде. Францияның Жалпы еңбек конфедерациясының ұлттық комитеті елдің миллиондаған еңбекшілері атынан үкметтің Франция коммунист партиясына және басқа демократияшыл ұйымдарға қарсы зорлық-зомбылық шараларына қаты наразылық білдіріп, былай деді: «Қаскүнемдік жасады» деп айып таққанда үмет кәзіргі уақытта Францияда жасалып отырған бірден-бір сұмдық-қаскүнемдікті — билеп-төстеуші топтардың бейбітшілікке қарсы, еңбекшілердің бостандығы мен түр

және бұл ауданның тегиялық позициясы дігін дәлелдейді». «зады газет, Бизерта де үлкен соғыс-теңіс сына айналдырды... родром салуға әзір және Керкенна арал елдің ішінде Америк порейши» мұнай ком тын орындарды зерт тады».

Солтүстік Африка тық-азаттық қозғалы рыққан және америк өзінің барған сайын билігінің тірегі деп билеп-төстеуші топ АҚШ империалистерына барған сайын өз қолына алып, жарына арналған плац да, Алайда, Марокко тарының бостандық дағы ұлғайған күресі рінің агрессиялық ж асырылуына бөгет ж

## КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» кинотеатрында

Бүгін және күн сайын  
«ТІРІ АРУАҚ»  
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ»

Бүгін және күн са  
«ШЕТ АЙМАҚТА»  
Сеанстар сағат 4-6

Автомобиль базасына аға экономист КЕРЕК.

Қызмет жайы жөнінде Петропавл қаласы, Сталин көшесі 106-үйге, Облыстық автомобиль басқармасының автомобиль базасына келіп, түсінік алуға болады.

Петропавл қаласы, 202-үйде тұрушы Грикин Петухов станция водында тұрушы Иштокинадан айрыла берді.

Іс Петропавл қалы халық сотында қара

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс